

2011 жылы жасы он жетіге толатын ер жынысындағы азаматтарды шақыру учаскесіне есепке тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы N 15 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Өскемен қалалық әділет басқармасында 2010 жылғы 27 желтоқсанда № 5-1-154 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Өскемен қаласы әкімі аппаратының 2011 жылғы 11 сәуірдегі N Шн-5/229 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Өскемен қаласы әкімі аппаратының 2011.04.11 N Шн-5/229 хаты).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 17-бабының 3-тармағына сәйкес, **ШЕШТІ:**

1. 2011 жылғы қаңтар-наурызда 2011 жылы жасы он жетіге толатын ер жынысындағы азаматтарды есепке тіркеуді өткізу «Өскемен қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Александр Протозанов атындағы көшесі, 37 мекенжайы бойынша шақыру учаскесінде ұйымдастырылсын.

2. «Өскемен қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) есепке тіркеуді уақытылы және сапалы өткізу мақсатында шақыру учаскесін дайындау және заңнамамен белгіленген өзге де шараларды қабылдау ұсынылсын.

3. «Шығыс Қазақстан облысы Денсаулық сақтау басқармасы Өскемен қаласы бойынша бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) жасөспірімдерді сапалы медициналық куәландыру үшін дәрігер-мамандар мен орта медициналық қызметкерлерінің қажетті санымен қамтамасыз ету ұсынылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А.Қ. Нұрғазиевқа жүктелсін.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Өскемен қаласының әкімі

И. Әбішев

Келісілген:

*«Шығыс Қазақстан облысы Денсаулық сақтау басқармасы Өскемен қаласы бойынша бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Е. Омарбеков
«13» желтоқсан 2010 жылғы*

*«Өскемен қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің бастығының лауазымын уақытша атқарушы С. Құсаинов
«13» желтоқсан 2010 жылғы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК